

**«Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалының
канал арналары және магистральды су құбырлары арқылы реттелмелі қызмет
көрсету бойынша жылдық есебің
Х А Т Т А М А С Ы**

Атырау қаласы

« 27 » шілде 2020 жыл

Жиналыс төрағасы – Рысжанов Асыланбек Рысжанұлы

хатшысы – Нұрбай Назгүл.

Күн тәртібінде:

«Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалы бойынша канал арналары және магистральды су құбырлары арқылы реттелетін қызмет көрсету жөніндегі 2020 жылдың 1-жартыжылдық бойынша есебі.

Қатынасқандар:

- Рысжанов А.Р. – «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалының директоры,
- Жұмабаев Б.С. – «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалының су пайдалану және өндірістік-техникалық бөлім басатығы,
- Байтуров Иса. – «Даурен» шаруа қожалығының жетешісі,
- Юн Фелиск «Агрофеликс» шаруа қожалығының жетекшісі,
- Қабдрахманов Махмуд. – «Кабдрахманов М.» шаруа қожалығының жетекшісі,
- «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалы өндірістік учаскелерінің басшылары, мекеменің бас мамандары.

Сөз сөйлегендер:

Рысжанов А.Р. – «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалының директоры 2020 жылыдың 1-жартыжылдық бойынша өндірістің қаржы-шарушылық көрсеткіштерімен таныстырып өтті;

Жұмабаев Б.С. – «Қазсушар» РМК Атырау филиалының су пайдалану және өндірістік-техникалық бөлім бастығы каналдар бойынша 172 және топтық су құбырында 7 елді мекен тұрғындары 15 заңды тұлғамен су пайдаланушылармен аралығындағы тығыз қарым қатынаста жұмыс жасап су беруді өз дәрежесінде ұйымдастырып жатырғанын атап өтті;

Қабдрахманов М. – «Кабдрахманов М.» шаруа қожалығының жетекшісі. Атырау қаласы маңында «Сары-Өзек» учакесінде тұрамын. Жыл сайын 1 га егін бау-бақша өсіріп, «Сары-Өзек» каналынан су алып отырмын. Осы каналға 2019 жылдан бастап күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп аяқталып жатыр. Соған байланысты каналдың техникалық жағдайы жақсарды. Су шаруашылығы мамаларына менің тарапымнан, олардың каналмен су берудегі жұмыстарына ешқандай ескерту шағымым жоқ.

2020 жылдың 1-жартыжылдықта «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалы облыста егістік пен жайылымдық жерлерді және елді-мекендерді өзінің теліміндегі суару-суландыру жүйелерімен және топтық су құбырлары арқылы сумен қамтамасыз ету саласындағы бірқатар игі жұмыстар шаруашылық қызметтерін атқарылды.

«Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалының карамағында төрт өндірістік учаске: Төменгі-Жайық (с.Махамбет), Индер (с.Кулагино), Құрманғазы (с.Ганюшкино), Қызылқоға (с.Миялы) бар. Филиалда штаттық кестедегі барлық 245 бірліктің 234 бірлік жұмысшы қызметкерлер еңбек етеді.

I. Канал арналары бойынша

2020 жылыдың 1-жартыжылдықта «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалы бойынша егістік пен жайылымдық жерлерді суландыру, аудан және шаруашылықаралық, жерден тұрғызылған ашық магистральды, жалпы ұзындығы 1133 шақырымға созылып жатқан 15 суару-суландыру каналдары арқылы жүзеге асырылуда. Облыс аумағындағы: Индер ауданында Бағырлай, Ақсай, Құрайлы-Сай, Алғабас-Жорық, Махамбет және Исатай аудандарында Бақсай, Нарын, Сборный, Құрсай, Сары-Өзек, Соколок, Есбол-Қозыбай, 7-аул-Айсары, Терең-Өзек, Алға-Егіз, Құрманғазы ауданында Кобяково-Забурунье каналдары бар.

Айталған каналдар мен суару-суландыру жүйелері арқылы облысымыздың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің егістік жерлермен жайылымдықтарын суландырумен қатар жыл бойына канал бойындағы орналасқан елді-мекендердегі халықтың тұрмыстық қажетіне керекті сумен қамтамасыз етіп келеді.

Табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның (ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Табиғи монополияларды ретту және бәсекелестікті қорғау Комитеті) №40 НҚ 08.02.2019 жылғы бұйрығына сәйкес, Арналар (каналдар) арқылы су жеткізу реттелмелі қызметі бойынша ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерге 2020 жылдың 1 қаңтарынан 31-ші шілде аралығында 1 текше метрі судың тарифтің шектік деңгейі - 16,081 теңге (ҚҚС-сыз) болып белгіленген, ал 2020 жылдың 1 тамызынан 31-ші желтоқсан аралығында – 20,566 теңге (ҚҚС) бопып бекітілді. Тарифтік бағалары бәрі де қосымша құн салығымен жүзеге асырылады

2020 жылыдың 1-жартыжылдықта су алу маусым кезеңінде каналдар арқылы су жеткізу қызметі бойынша 172 су пайдаланушылармен келісім-шартқа отырып, 11 521,6 мың текше метр су жеткізілді.

Оның ішінде:

Суармалы егістікке 146 су пайдаланушыға 5 400,2 мың текше метр метр (суармалы егістікке 3 122,6, лиманға 2 277,6 мың текше метр), жайылымдық жерлерді суландыруға 12 селолық округтеріне 5 998,9 мың текше метр, бұдан басқа техникалық қажеттіліктер үшін 14 су падаланушыларға 122,5 мың текше метр су жеткізілді.

Канал арналары бойынша су көздерінен арнайы су пайдалануға берілетін рұқсат ҚР АШМ-нің Су ресурстары Комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы Республикалық мемлекеттік мекемесінен толықтай алынған.

Барлығы арналармен көрсетілген қызмет құны (табыс) 188 172,7 мың теңге.

Шығын көлемі 186 714,6 мың теңгені құрады.

Оның ішінде өндірістік қажеттілікке 169 301,1 мың теңге (90,7%) шығыны жұмсалса, әкімшілік және орталықтандырылған шығындарға 17 413,4 мың теңге (9,3%) жұмсалды.

Шығынның 37,3 пайызын еңбек ақы, 39,7 пайызын материалдық шығындар (электр энергия, жанар-жағар май, қосалқы бөлшектер, материалдар), 9,6

пайызын амортизация, 1,73 пайызын ағымдағы жөндеу, 7,2 пайызын салық төлемдері (оның 2,6-пайызын жер үсті су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер), ал 7,1 пайызы басқа да шығындар құрайды.

Филиал арналар арқылы 2020 жылдың жарты жылдығында мекеме барлығы 1 458 млн. теңге пайдамен аяқтады.

Су пайдаланушылардан канал арналары арқылы су жеткізуі жөнінде шағымдары болған жоқ.

I.Топтық су құбыры бойынша

2020 жылыдың 1-жартыжылдықта «Қазсушар» РМК-ның Атырау филиалы бойынша 3 топтық су құбыры «Қоянды» топтық су құбыры, «Миялы-Жангелді-Жасқайрат» топтық су құбыры және «Индер-Миялы» топтық су құбырылары бар. Мекеме бойынша берілген судың бір текше метрі табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган 2016 жылдың желтоқсан айының 14 - ші жұлдызындағы №170-ОД бұйрығымен бекітіп, қолданысқа 1-ші қаңтардан бастап енгізілді, топтық су құбырлары бойынша су жеткізу тарифі 525,2 теңге. Тарифтік бағалары бәрі де қосымша құн салығымен (588,22 теңге) жүзеге асырылады.

Барлығы топтық су құбырларымен 2020 жылдың жарты жылдығында 139,319 мың текше метр ауыз су берілді. Оның ішінде Қызылқоға ауданындағы Миялы-Жангелді-Жасқайрат топтық су құбырымен 3 елді мекенге 89,196 мың текше метр, Индер-Миялы топтық су құбырымен 3 елді мекенге 46,191 мың текше метр, Құрманғазы ауданындағы Қоянды топтық су құбырымен 7 елді мекенге 3,962 мың текше метр су берілді.

Топтық су құбырларына арнайы су пайдалануға рұқсат ҚР АШМ-нің Су ресурстары Комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы Республикалық мемлекеттік мекемесінен толықтай алынған.

Барлығы 3 топтық су құбырымен көрсетілген қызмет құны (табыс) 73 171,01 мың теңге.

Шығын көлемі 71 214,4 мың теңгені құрады.

Оның ішінде өндірістік қажеттілікке 65 148,7 мың теңге (91,5%) шығыны жұмсалса, әкімшілік және орталықтандырылған шығындарға 6 065,7 мың теңге (8,5%) жұмсалды.

Шығынның 52,5 пайызын еңбек ақы, 15,3 пайызын материалдық шығындар (электр энергия, жанар-жағар май, қосалқы бөлшектер, материалдар), 20,7 пайызын амортизация, 7,5-пайызын салық төлемдері (оның 0,5-пайызын жер асты су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер), ал 4,0 пайызы басқа да шығындарды құрайды.

Филиал Топтық су құбырымен 2020 жылдың жарты жылдығында мекеме барлығы 1956,6 мың теңге пайдамен аяқтады.

Жалпы тұрғындардан ауыз су жеткізуі жөнінде арыз-шағымдар болған жоқ.

Жиналыс төрағасы

А. Рысжанов

Жиналыс хатшысы

Н. Нұрбаева

